



BUIRYQ

КОШІРМЕ
ТҮРЫС

ПРИКАЗ

17.09.2024 ж.

Astana qalasy

№ 87-НҚ

город Астана

«Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының тауарлық газды жер асты газ қоймаларында сақтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 15) тармақшасына, 1-тармағының 2) тармақшасына және 33-бабы 2-тармағының 3) және 4) тармақшаларына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 230-тармағына сәйкес (*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 20 қарашада №19617 болып тіркелген*), 2023 жылға «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы ұсынған бекітілген тарифтік сметаның және инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерді талдау нәтижелері негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының тауарлық газды жер асты газ қоймаларында сақтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне 2024 жылғы 1 қарашадан бастап 2025 жылғы 31 қазанға дейін, айына 1000 м³ үшін (ҚҚС-сыз) 362,27 теңге мөлшерінде уақытша өтемдік тариф бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2021 жылғы 26 қарашадағы №129-НҚ «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының 2022-2026 жылдарға арналған тауарлық газды жер асты газ қоймаларында сақтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне тариф және тарифтік сметаны бекіту туралы» бұйрығының қолданысы осы бұйрықтың қолданылу кезеңіне тоқтатылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Мұнай және газ тасымалдау саласындағы реттеу басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің интернет-ресурсында орналастырсын және «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының назарына жеткізсін.

**КӨШІРМЕ
ДҰРЫС**

2

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Табиғи монополияларды
реттеу комитетінің
төрағасы**



А. Дарбаев